

**№1 «Еркетай» Алға бөбекжай балабақшасы**

**«Менің бақытты отбасым» атты  
ата-аналарға арналған тренинг**

Педагог-психолог: Н.Д.Аметова

**2022-2023 оку жылы**

**Мақсаты:** Бала жанұясы мүшелерін бір- бірін түсіне білуге және жақсы касиеттерге тәрбиелеу.

**Қатысқандар:** Ата- аналар

**Кориекіліктер:** Отбасы суреті, бояу қарындаштар, қалам, таза парап, ватман, шарлар, қайшы, желім

Қымбатты ата- аналар, сіздермен кездескеніме оте қуаныштымын. Алдымен өзіміз, отбасымыз туралы әңгімелеп, танысайық.

### I. Танысу. Амандасу

#### Психологиялық жаттығу : «Үй»

Қажетті құралдар : А4 парагы, қарандаш

Өтілу барысы: Ата – аналарга ақ парап пен қарандаштар беріледі.

Тапсырма: Парапқа үйдің суретін сал. Салған үйіндін 6 терезесі болу шарт. Үйді салып болсақ , енді сол терезелерге өз отбасыларының мүшелерін орналастырыңыз. ( Өз отбасыларын таныстырады)

Психолог: сіздердің отбасыларының біз толық таныстық

### II. Тыныштық еті: (баяу музыканың үнімен откізіледі.) «Гүлдін оянуы»

Терең демалайық! Құдіретті жарық түсіп тұрганын елестетіп көрініздер. Бұл қайырымдылық, бақыт, бейбітшілік және қуаныш жарығы. Қандай тамаша! Қане, сұлулықты тамашалап көрейік! Бұл таңгажайып жарық жүргімізге тыныштық, қайырымдылық, сүйіспеншілік әкелсін. Ишкі дүниеміз тап- таза, жап-жарық болып кетті. Міне, керемет! Жүргімізде әдемі гүл ашылып келеді. Қандай әдемі! Түрлі- түсті жапырақтар құлпырып тұр. Бұл сіздің отбасының. Ал гүлдің ортасындағы дәнгелек бұл сіздің балаңыз. Бұл жәй гүл емес, сүйіспеншілік гүлі. Қозініңізді жұмып осы гүлдің елестетіңіздер. Ол әлі кішкентай. Күн оны жылтып, өсуіне көмектеседі. Гүлдің исін иіскейміз. Міне, бізде қандай ғажап гүл пайда болды.

Ал, енді осы сәтті қағаз бетіне түсірейік.

### III. Ойын « Ата-ана мейірімі».

Ата- аналар ақ парапқа гүлдің суретін салып, гүлдестерге баласына деген сүйіспеншілігін жазып, өз ой-пікірлерін айтады.

### IV. Жағдаят.

Ата- аналар жағдаятты оқып, өз ойларын айтады.

**I топқа:** Балаңыздың өнері, қандай да бір іске қызығушылығы, бейімділігі байкаласа, не істер едіңіз?

**II топқа:** Баламен сойлесе білу де үлкен өнер. 4-5 жастағы бала күніне көптеген сұралқ қоятын көрінеді. Сіздің балаңыз осындай сауалдарды көп койса, жауап беруге тырысасыз ба, жоқ әлде елеусіз қалдырасыз ба?

**III топқа:** Кейбір ата-аналардың баласының әрбір істеген іс-әрекетіне көnlі толмай: «Сен сала алмайсың, сен істей алмайсың», - деп айтып жататынын байқаймыз. Бала іс-әрекетіне теріс бага беруге қалай карайсыз?

### V. «Тілек шамы». (Қорытындылау)

Мақсаты: тренинг туралы пікірлерін ортага салу.

«Міне, қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жактарын тануға, жан-жакты талқылауға ... жылудың мекені. «Отбасы»

атауының мәніне терең үнілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз.  
Сондықтан оттың басы, ошагымыздың тұтіні тұзу болуы үшін «Тілек шамы»  
жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік.

Ата-аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп раҳметімізді айта  
отырып, отбасыларыңызға бакыт нұры шашыла берсін дегім келеді. Сау болыңыздар!